



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылында арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары «Құлыншақ» ортаңғы тобы

2023-2024 оқу жылы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы,
Топ: Ортаңғы топ «Құлыншақ»
Балалардың жасы: 3 жас
2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті	Күні
Қыркүйек	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспабымен: сыбызғымен таныстыру	
Қазан	Музыка тыңдау: музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспабы металлофонмен таныстыру	
Қараша	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптары қоңырау, сылдырмақпен таныстыру.	24.11
Желтоқсан	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (барабан, металлофон, маракас,) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әннің сипатын жеткізуге үйрету (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.	08.12 15.12 22.12 29.12

	Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыка алық аспаптары маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	
Қаңтар	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	05.01 12.01 19.01 26.01
Ақпан	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	02.02 09.02 16.02 23.02
Наурыз	Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әннің сипатын жеткізуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкалық сүйемелдеумен ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.	02.03 09.03 16.03 30.03
Сәуір	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарды меңгеруге ықпал ету.	06.04 13.04 20.04 27.04

Мамыр	Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту: Әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	04.05 11.05 18.05 25.05
-------	---	---